

**Білім беру салалары:** "Таным", "Шығармашылық"

**Ұйымдастырылған оқу қызметтері:** "Жаратылыстану", "Жапсыру"

**Тақырыбы:** "Ағаштарға қамқорлық", "Әдемі гүл"

**Мақсаты:** Балаларға ағаштар туралы түсінік бере отырып, шөптерден айырмашылығын ажырату, ағаштардың негізгі белгілері: діні, бұтағы, жапырағы туралы білімдерін жетілдіру, әсемдікті сезініп, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

**Білімділігі:** Ағаш туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың табиғатқа соның ішінде ағашқа деген қамқорлығын жақсарту.

**Тәрбиелігі:** Ұқыптылыққа, қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу;

**Дамытушылығы:** балалардың ойынға деген қызығушылығын дамыту.

**Қажетті құралдар:** желім, қағаз.

**Әдіс - тәсілі:** ойын, түсіндіру, сұрақ-жауап, жапсыру, қорытынды.

Іс - әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	<b>Шаттық шеңбер:</b> Сәлем, сәлем. Видеоролик.	Балалар бірге қайталайды.
Ұйымдастырушы ізденістік	<b>Құстың дыбысы шығады.</b> <b>Тәрбиеші:</b> Балалар бұл ненің дыбысы? Құстар бізге қай мезгілде ұшып келеді? Ия, балалар дұрыс айтасындар, сонда қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде балалар табиғат оянады, әсемденеді. Ағаштарымыз бүршік жарады, әдемі гүлдер өседі. Жапырақтар шығады. Жапырақтардың түсі қандай болады? Балалар көктем мезгілі туралы толық мәлімет аламыз (экранға назар аударамыз). Желдің дауысы шығады. (көбелек келеді) <b>Ғажайып сәт:</b> <b>Көбелек:</b> Балалар сәлеметсіңдер ме? Мен қайдамын? <b>Тәрбиеші:</b> Сәлеметсіз бе. Сіз балабақшадасыз. <b>Көбелек:</b> Мені сіздерге жел ұшырып алып келді. Менің сіздерге кездескенім жақсы болды. Маған көметерін керек. Менің әдемі бағымда құрт қаптап бақшамдағы	Құс. Көктем Көктем Жасыл

	<p>ағаштарға зиян келтіріп жатыр. Соған көмектесе аласыңдарма?</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Олай болса тездетіп жолға шығайық.</p> <p>Бақшаға барады. (өлең айтып)</p> <p><b>Көбелек:</b> Мінекей балалар ағаштарымының бәрін құрт басып, өсірмей жатыр.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Ендеше, балалар құрттардың бәрін жинап алайық.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> "Құртты жинау".</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар қалай ойлайсыңдар, ағашқа біз тағы не істеуіміз керек?</p> <p>Иә, балалар дұрыс айтасыңдар.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> "Ағашқа қамқорлық".</p> <p><b>Мақсаты:</b> табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Көбелек:</b> Көктем болса басталып кетті. Не себептен бұл ағашымыз әлі гүлденбей, көркенбей тұр? - деп мұңаяды.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> көбелек мұнайма біздің балалар ақылды, әрі еңбекқор, саған бұл бақты гүлдендіруге де көмек бере алады. Солай ма балалар?</p> <p>Ендеше, балалар шеберханамызға барып ағашымызға әдемі гүл жасап берейік.</p> <p>Балалар берілген қиынды қағаздардан әдемі гүл жапсырады.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> қорапқа салып сиқырлайды. Әдемі гүл шығады.</p> <p>Балалар ағашқа жапсырады.</p> <p><b>Көбелек:</b> Балалар, сендерге көп рахмет. Ағашымның сәні келді.</p> <p>Балалар сендер көп жұмыс жасадыңдар. Өте ақылды әрі еңбекқор балаларсыңдар. Мен қатты қуанып тұрмын. Ендеше бір сергіп алайық.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p><b>Тәрбиеші:</b> көбелек, енді біздің</p>	<p>ия</p> <p>Ойнайды</p> <p>Баптау, қамқорлық көрсету.</p> <p>Балалар ағаштың астын қопсытып, су құяды.</p> <p>ия</p> <p>Қуанады.</p> <p>Гүл жапсырады</p> <p>Қуанады</p>
--	--	---

	қайтатын уақытымыз таяп қалды.Сау болыңыз. Ішке оралу.(өлең айтып)	Сау болыңыз.
Рефлексиялық түзетушілік	<b>Қорытынды.</b> -Балалар бүгін бізге кім келді? -Балалар біз қайда бардық? -Ағашқа не істедік? Мадақтау.	-Көбелек -Бақшаға -Су құйдық, астын қопсыттық, гүлдендірдік.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Көктем мезгілін,ағаштарды.

**Игереді:** Ойын арқылы ағаштарға қамқорлық жасауды.

**Меңгереді:** Табиғатқа күтім жасауды.